

D054 – «Түркітану» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы

I. Жалпы ережелер

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Блогы	Балы
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

II. Түсу емтиханын өткізу тәртібі

1. D054 – «Түркітану» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

- зерттеу қызметіне ынталандырушы себептерді ашатын мотивациялық эссе;
- жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;
- пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар:

«Түркітанудың теориясы мен әдістемесінің негіздері» пәні

1. Түркітану – тіл, тарих әдебиет, фольклор мен мәдениетті зерттейтін гуманитарлық ғылымдардың кешені.

- Түркітанымдық зерттеулердің негізгі дереккөздері.

- Түркі этногенезі мен этнографиялық материалдарының негізінде зерттеу әдістері.

- Орхон-Енисей руникалық жазбаларының типологиялық сипаттамасы.
- Қарахан дәуірі ескерткіштерінің тілдік және диалектілік ерекшеліктері.

2. Түркітану ғылымының дамуындағы негізгі кезеңдер.

- Батыс Европадағы Осман тілін зерттеудегі методологиялық аспектілер.
- XVIII ғасырдың бірінші жартысы мен XIX ғасыр ортасындағы орыс және батыс зерттеушілерінің түркі ескерткіштерін зерттеу принциптері (Ф. Страленберг, А. Казембек, И. Н. Березин және т.б. еңбектерінің негізінде).

- XIX екінші жартысындағы түркітанудың дербес ғылым ретінде қалыптаса бастауы.

- Ресейдегі тарихи-филологиялық бағыттың аясында түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи әдістеменің негізінде зерттеудің дамуы (В.В. Бартольд, В.В. Радлов, О. Бётлинг, Н.Ф. Катанов т.б.).

3. Ресейдегі түркі тілдерін оқытудың негізгі мектептері мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы түркологияның дамуы.

- Петербург университетінің шығыс тілдері факультеті (А.Н. Самойлович, А.Н. Кононов).

- Мәскеудегі Лазарев институтындағы шығыс тілдері (Ф.Е. Корш, А.Е. Крымский, В.А. Гордлевский), шығыс бөлімі, Мәскеу университетінің Азия мен Африка елдері институты (Н.К. Дмитриев).

4. XX ғасырдағы Ресей түркітануының дамуы.

- Әртүрлі принциптің негізінде ғалымдар ұсынған түркі тілдерінің классификациялық жүйесі.

- Түркі тілдерінің фонетикасын зерттеудегі салыстырмалы-тарихи принциптер.
- Тарих ғылымдарының негізінде түркі тілдерінің лексика-статистикалық түзілімі.

5. Қазақстан түркітануы.

- Қазақстандағы түркітанымдық зерттеулердегі негізгі бағыттар.
- Қазақстан түркологиясындағы проторуникалық және руникалық ескерткіштерінің зерттелу деңгейі.

- Қазақстан түркологиясындағы тарихи-археологиялық зерттеулердің принциптері.

6. Әлем кеңістігіндегі түркітанымдық зерттеулер.

- Шығыс Еуропадағы Орал-Алтай ізденістері мен олардың қазіргі зерттеу әдістері.
- Мажарстандағы түркітанымдық зерттеулердің негізгі бағыттары.
- Түркі тілдерін дәуірлеу мен аймақтық қоныстанулары бойынша Түркиядағы зерттеулер.

7. Түркі тілдер семьясы мен олардың географиялық таралуы.

- Түркі фонологиясын зерттеудегі ареалдық лингвистиканың әдістері.
- Шағын түркі этностарының тілі, оларды талдау мен зерттеудің міндеттері.

8. Агглютинативті тіл болып табылатын түркі тілдерінің жалпы типологиялық ерекшеліктері

- Түркі тілдерінің синтаксистік жүйесі.
- Қазіргі түркі тілдеріннің гомогенді түбірлерін анықтаудың принциптері.

9. Түркі тілдерінің қалыптасуы мен дамуы.

- Түркі ататілінің жалпы типологиялық реконструкциясын жасаудағы принциптерді қалыптастыру.

- Салыстырмалы талдау негізінде түркі ататілінің лексикалық қорын қалпына келтіру.

- Түркі жазба ескерткіштерінің жанрын анықтаудың принциптері.

10. Ататілдердің лексикалық қорын анықтау мәселелері.

- Ататіл туралы түсінік және оларды салыстырмалы-тарихи әдістің негізінде қалпына келтіру.

- Ататіл және жалпы лексикалық қорды анықтаудағы жақын туыс диалектілердің маңызы.

- Жеке тілдер жүйесіндегі іштей реконструкция.

11. Ру, тайпа, халық тілдерінің әлеуметтік мәртебесі.

- Орал-Алтай алтай және түркі ататілдік ортақтастықтары.

- Шамамен анықталатын хронологиялық шеңберді анықтаудың әдістері мен принциптері.

- Түркітанудағы XX ғасырдағы Орал-Алтай және Алтай болжамдары.

12. Тілдердің генеалогиялық туыстығы мен типологиялық жіктелуі туралы мәселелер.

- Кітаби тілдердің стилистикалық ерекшеліктері (көне ұйғыр және шағатай).

- Ең жаңа түркі дәуіріндегі әдеби жанрларды айқындау.

13. Түркі тілдері классификациясының нұсқалары.

- А.Н. Самойлович, В.В. Богородицкий, С.Е. Малов классификациялары

- Шетел түркітанушыларының классификациялық тәжірибелері (И. Бенцинг, К. Менгес).

- Н.А. Баскаков классификациясының принциптері

- Түркі тілдері даму тарихын дәуірлеудегі негізгі принциптер.

14. Түркі тілдері даму кезеңдерін дәуірлеу.

- Түркі тілдері дамуындағы хун дәуірі.

- Түркі тілдері дамуындағы көне түркі дәуірі.

- Түркі тілдері дамуындағы алтай дәуірі.

- Түркі тілдері дамуындағы орта ғасыр дәуірі.

15. Түркі тілдері дамуындағы алтай дәуірі.

- Орал-Алтай тілдерінің генетикалық туыстығы жөніндегі теория.

- Орал-Алтай тілдерінің типологиялық зерттеулері.

16. Түркі тілдері дамуындағы хун дәуірі.

- «Азия мен Еуропадағы халықтардың ұлы көші» дәуіріндегі тілдік қатынастар.

- Шығыс Еуропадан табылғанхун жазбаларының проторуникалық фрагменттері.

- Хундардың сурет өнері мен сызбалары және оларды дешифровкалау мәселелері.

- Хундардың тілі мен жазулары жөнінде ежелгі материалдардың негізінде құрылған гипотеза.

17. Түркі тілдері дамуындағы көне түркі дәуірі.

- Көне түркі ескерткіштерін ареал бойынша классификациялау.

- Енисей ескерткіштерінің тілдік және жанрлық сипаты.

- Күлтегін кіші және үлкен жазуының графикалық ерекшеліктері.

- Могилян мәтініндегі хронология.

- Талас ескерткіштері және олардың эпиграфиялық сипаты.

- Қазақстан территориясынан табылған көне түркі ескерткіштері.

18. Түркі тілдері дамуындағы орта ғасыр дәуірі.

- Орта ғасыр ескерткіштерінің диалектілік ерекшеліктері.

- М. Қашағаридің «Дивани луғат ит-турк» еңбегіндегі сөздер типологиясын құрастыру принциптері.

- Ж. Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінің дидактикалық сипаты.

- «Алтын йарук» ескерткішінің жанрлық сипаты
- А. Яссауидің «Дивани Хикмет» ескерткіші тілінің стилі.
- А. Йугнеки «Хибат ул Нақайық» ескерткішінің жанрлық ерекшелігі

19. Түркі тілдері тобы классификациясының тілдің сипаты.

- Қыпшақ тілдері тобының морфологиялық сипаты.
- Қарлұқ тілдері тобының фонологиялық ауытқушылықтары.
- Оғыз диалектісі - түркі әдеби тілдеріннің негізгі құрамдас бөлігі.
- Бұлғар тілдер тобының архаикалық сипаты.
- Ұйғыр-оғыз тілдер тобының стильдік ерекшеліктері.
- Қырғыз-қыпшақ диалектісінің ареалдық ерекшелігі.

20. Қазіргі түркі тілдері.

- Түркі тілдерінің фонтикалық жүйесі.
- Түркі тілдері тобы мен оның басқа тілдер жүйесіндегі өзіндік орны.
- Морфология - сөз таптарын зерттейтін, сөздердің құрмы мен өзгеруін

қарастыратын грамматиканың бір тарауы.

- Сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары.
- Зат есімдердің грамматикалық категориялары: көптік, тәуелдік, септік, нақты және беймәлім категориялары, араб тілінің лексикасынан келген жыныстық категорияларының қалдықтары.

• Синтаксис – сөз құрылымдау мен сөйлемдерді зерттейтін ғылым. Олардың құрылымы мен қызыметі.

- Сөз тіркестерінің классификациясы: субстантивті, атрибутивті, адъективті, етістікті сөз тіркестері.

«Түркі тілдері лексика-фразеологияның негіздері» пәні

1.Лексикология пәні және нысаны

- Түркі тілдеріндегі лексикология саласы.
- Түркі тілдер жүйесіндегі лексика және лексикология.
- Түркі тілдерінің лексикалық жүйесі.

2.Түркі тілдерінің лексикалық жүйесіндегі сөздің орны.

- Сөз – лексикалық бірлік.
- Сөздің және ұғымның лексикалық мағынасы.
- Түркі тілдеріндегі сөздің лексикалық мағыналық типтері.

3. Түркі тілдеріндегі сөздердің көпмағыналылығы.

- Сөздің бір мағынасы және көпмағыналылық.
- Ауыс мағынаның қалыптасу үрдісі.

4.Лексикалық омонимия.

- Түркі тілдеріндегі омонимдер.
- Түркі тілдеріндегі омонимдердің пайда болуы.
- Омонимдер мен көпмағыналылықты айыру.

5. Омонимдер: терминологиялық ерекшелігі мен табиғаты.

- Түркі тілдеріндегі омонимдер мен омофондар.
- Транспозиция.
- Терминдердегі жарыспалық және көпмағыналылық.

6.Түркі тілдеріндегі омонимдер мен омофондарды ажырату.

- Түркі тілдеріндегі омонимдер мен омофондарды мылалар негізінде

дәлелдеу.

- Қазақ және түрік тілдеріндегі омографтар.
- Омографтардың ерекшелігі.

7. Лексикалық синонимия.

- Түркі тілдеріндегі лексикалық синонимия
- Түркі тілдеріндегі синонимдер типі.
- Түркі тілдеріндегі синонимия және полисемия
- Түркі тілдеріндегі контекстуалды синонимдер.

8. Түркі тілдер жүйесіндегі лексикалық антонимия.

- Түркі тілдеріндегі антонимдер.
- Түркі тілдеріндегі антонимдер мен полисемия
- Түркі тілдеріндегі контекстуалды антонимдер.

9. Түркі тілдеріндегі паронимия.

- Түркі тілдеріндегі паронимдер.
- Түркі тілдеріндегі паронимдердің омоним, синоним, антонимдерге қатысы.

10. Түркі лексикасының қалыптасуы.

- Қазіргі түркі тілдерінің лексикасының пайда болуы.
- Байырғы лексика
- Славян тілдерінен кірген сөздер.
- Араб тілдерінен кірген сөздер.
- Түркі тілдерінде кірме сөздерді игеру.
- Кірме сөздердің фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктері.
- Калькалау.
- Кірме сөздерге түрлі көзқарастар.

11. Түркі тілдері лексикасының көнеру және жаңару үрдістері.

- Түркі тілдеріндегі көнерген сөздер.
- Түркі тілдеріндегі историзмдер.
- Түркі тілдеріндегі архаизмдер және олардың типтері
- Түркі тілдеріндегі неологизмдер және олардың типтері
- Түркі тілдеріндегі көне сөздер мен неологизмдердің стилистикалық

қолданылу ерекшеліктері.

12. Қазіргі түркі тілдеріндегі қолданыс аясы тар сөздердің қолдану ерекшеліктері.

- Қазіргі түркі тілдеріндегі қолданыс аясы тар сөздер.
- Түркі тілдеріндегі диалектизмдер және олардың типтері
- Диалектизмдер, диалектизмдердің мағыналық ерекшеліктері.
- Түркі тілдеріндегі терминологиялық және кәсіби лексика.
- Түркі тілдеріндегі жаргон және аргондық лексика.

13. Түркі лексикасының стилистикалық саралануы.

- Түркі лексикасының стилистикалық саралануы.
- Түркі сөздерінің стилистикалық бояуы.
- Түркі сөздерінің эмоционалдық-экспрессивтік бояуы.
- Стилистикалық бояуы бар лексиканың сөйлеу тіліндегі қолданысы.
- Түркі тілдеріндегі лексикалық тіркесімділік.

14. Түркі тілі этимологиясы.

- Түркі тілдеріндегі этимологиялық принциптер.
- Түркі тілдеріндегі этимологиялық сөздіктер.

15. Түркі тілдерінің лексикографиясы.

- Лұғаттар тарихы (салыстырмал-тарихи экскурс).
- Түсіндіреме сөздіктер.
- Этимологиялық сөздіктер.
- Терминологиялық сөздіктер.
- Орфографиялық сөздіктер.
- Фразеологиялық және пареомологиялық сөздіктер.

- Диалектологиялық сөздіктер.
- Екі және көп тілді сөздіктер.

16. Түркі тілдерінің фразеологиясы.

- Түркі тілдеріндегі фразеологизмдердің зерттеу пәні және нысаны.
- Түркология саласындағы фразеология мектептері мен бағыттары.
- Түркі тілдеріндегі фразеологиялық сөздіктер (аналитикалық талдау).

17. Фразеологиялық оралымдардың семантикалық тұтастығы.

- Фразеологиялық оралымдарды семантикалық тұтастық тұрғысынан классификациялау.

- Фразеологиялық тұтастық (идиома).
- Фразеологиялық бірлік.
- Фразеологиялық тіркес.
- Фразеологиялық сөйлемше (М. Шанский бойынша).

18. Фразеологиялық оралымдардың құрылымы.

- Фразеологиялық оралымдардың құрылымдық типтері.
- Сөйлем типіндегі фразеологиялық оралымдар
- Құрылымы тұрғысынан сөз тіркестеріне сәйкес келетін фразеологиялық оралымдар.

19. Фразеологиялық оралымдардың пайда болуы.

- Фразеологиялық оралымдардың пайда болуы тұрғысынан топтастыру.
- Байырғы түркі тіліндегі фразеологизмдер.
- «Кірме фразеологизмдер» туралы түсінік.
- «Фразеологиялық калька» туралы түсінік.

20. Этнолингвистика – тіл мен этнос туралы ғылым.

- Фразеологизмдердің этнолингвистикалық аспектісі.
- Түркі тілі фраземикасындағы этномәдени компоненттер.
- Фразеологизмдер семантикасындағы лингвокультуремалар.
- Фразеологиядағы мәдени коннотация көріністері.

21. Фраземика мен лексикадағы мәдени коннотациялық тілдік бірліктер.

- Түркі тілдеріндегі флора және фауна.
- Түркі тілдеріндегі түр-түсті білдіретін лексикалық бірліктер.
- Ономастикалық лексикадағы этнолингвистикалық потенциал.
- Түркі тілдері фразеологиялық жүйесіндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктер.

22. Фразеологиялық оралымдардың лексикалық құрамы.

- Фразеологиялық оралымдарды лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыру.
- Фразеологиялық тұтас мағынаның фразеология құрамындағы сөздер мағынасымен арақатысы.

23. Фразеологиялық оралым – тілдік бірлік.

- Фразеологиялық оралым туралы жалпы түсінік.
- Фразеологиялық оралымның құрылымы.
- Фразеологиялық оралымдағы көпмағыналылық.
- Фразеологиялық синонимдер.
- Фразеологиялық ұя.

«Түркі халықтарының лингводерекнамасы» пәні

1. Жазудың мәдениет тарихындағы және қоғамның дамуындағы маңызы.

- Адамзаттың мәдени құндылықтар жүйесіндегі хаттар.
- Жазу туралы ақпарат көздері.
- Жазудың пайда болуы және дамуының негізгі кезеңдері.

- Түркі халықтарының тарихындағы жазудың маңызы
- Түркі жазуының тарихы.

2. Лингвистикалық дерекнама тіл біліміндегі жаңа бағыт ретінде.

- Лингвистикалық деректанаманың пәні, әдістері мен міндеттері.
- Лингвистикалық деректанаманың теориялық және практикалық аспектілері.
- Түркі халықтарының қазақстандық лингвистикалық дерекнама қоры.
- Лингвистикалық дереккөздердің типологиясы және жіктелуі.
- Лингвотекстологиялық зерттеулер.

3. Көне түркі жазуының тарихы.

• Көне түркі руникасының ашылу тарихы: түркі руникалық алфавитінің пайда болуы туралы гипотезаларға шолу және ғылыми тұжырымдамалар.

- Көне түркі әліпбиінің шығу тегі туралы болжамдар мен деректер.
- Көне түркі руникасының дыбыстық құрамы.
- Көне түркі руникалық жазбаша мәтіндерін зерттеу тарихы.
- Көне түркі руникалық жазба ескерткіштеріндегі символдар, таңбалар.

4. Түркі руникасы тарих, археология, этнография, лингвистика, эпиграфия және палеография тоғысқан кешенді пән ретінде.

- Түркі эпиграфиясы тіл тарихымен тығыз байланысты.
- Түркі әлемінің ежелгі алфавиттік жазуы.
- Моңғолия мен Қырғызстанның ежелгі түркі жазбаларының ескерткіштері.
- Көне түркі жазба ескерткіштерінің диалектілік жіктелуі.
- VII – XI (XIII) ғасырлардағы руникалық, манихейлік және Ұйғыр хаттарының көне түркі ескерткіштері.

5. Көне түркі жазулары лингвистикалық дерекнаманың зерттеу нысаны ретінде.

- Талас ескерткіштері;
- Енисей ескерткіштері;
- Оңғын (Онгин) ескерткіші, VIII ғ.;
- Білге-қаған (хан Могилян) ескерткіші, VIII ғ.;
- Күл-Тегінге арналған ескерткіш (кіші және үлкен жазулар), VIII ғ.;
- Құли-Шор ескерткіші, VIII ғ.;
- Тоныкөк құрметіне ескерткіш, VIII ғ.;
- Мойын-Шор ескерткіші, VIII ғ.

6. Түркі руникалық графикасы.

- Көне түркі руникалық жазуларының графикалық жүйесі;
- Көне түркі руникалық жазуларының дыбыстық жүйесі;
- Түркі руникалық әліпбиі;
- Талас, Енисей және Орхон жазуларын оқу ережелері;
- Түркі руникалық әліпбиінің палеографиялық талдауы.

7. Ортағасырлық арабографиялық Түркі жазуы лингвистикалық дерекнаманың зерттеу нысаны ретінде.

• XI-XII ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері: "Диуани лұғат ат-Түрік" (Түркі тілдерінің сөздігі);

- "Китаб әл-идрак ли-лисан әл-атрак": түркі тілі туралы түсіндірме кітап";
- "Китаб-и-Меджму-у-терджуман-түріктер ве аджеми-ве моголи ве фарси": түркі, араб, моңғол және фарс тілдерінің аударма кітабы.

- Шағатай графикасы.

8. Руникалық жазулар лингвистикалық деректануды зерттеу объектісі ретінде

- Нақтыланған Енисей руникалық жазулары;
- Нақтыланған Орхон руникалық жазулары;

- Күл-Тегінге арналған ескерткіш: транслитерация және аударма мәселелері;
- Руникалық жазулар: транслитерация және аударма мәселелері.

9. Ертiс руникалық жазулары

- Сүйек қырларындағы түрік руникалық жазуы;
- Қытай қола айнасындағы руникалық жазу (Шығыс Қазақстан);
- Ертiс алқабындағы екі үңгір руникалық жазуы;
- Күміс білезік пен тас мәрдегі Ертiс руникалық жазулары.

10. Іле руникалық және грекографиялық жазулар

- Аңғардағы немесе үш жартастағы руникалық жазулар;
- Қола сақинадағы түркі руникалық жазуы;
- Күміс шыныаяқтағы прото-түрік руникалық жазуы;
- "Ежелгі грек" жартас жазуын тарихи-мәдени түсіндіру тәжірибесі.

11. Сырдария руникалық жазулары

- Керамикалық тұмардағы руникалық жазу;
- Күйдірілген кірпіштердегі руникалық жазулар;
- Талғар қалашығынан табылған құмыралардағы руникалық және

грекографиялық жазулар.

12. Жайық (Орал) руникалық жазулары

- Қола айнадағы руникалық жазу (Батыс Қазақстан);
- Сасаний күміс табақшасындағы руникалық жазу (Батыс Қазақстан).

13. Пиктографиядан идеографияға (логографияға) бағытында жазудың дамытылуы

- Неолит дәуіріндегі пиктографиялық композициялардың семантикасына (Шығыс Қазақстан);
- Бейнелеу және шартты белгілер-энеолит, қола және ерте темір дәуірінің рәміздері (Қазақстанның археологиялық материалдары бойынша);
- "Шумер" - түркі сәйкестіктері және бейнелі логограммалар.

14. Түркі руникалық әліпбиінің генезисі

- Түркі руникалық әліпбиінің шығу тегі туралы гипотезаларға сыни шолу;
- Түркі өркениетінің бастауларына (этномәдени байланыстар);
- Түркі руникалық әліпбиінің палеографиялық талдауы;
- Түркі рундарының генетикалық байланыстары.

III. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы, 2006. –.
2. Ибатов А. Түбі бір түркі тілі. – Алматы, 2003.
3. Егеубаев А. Диуани лұғат ат-түрк. – Алматы, 2001.
4. Айдаров Г. Көне түркі жазба ескерткіштер тілі. – Алматы, 2006.
5. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности, – М.-Л., 2004.
6. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. Изд. АН СССР. – М., Л., 2002.
7. Дыйканов Қ. Қырғыз тіліндегі үндүүләр. – Бишкек, 2010.
8. Поливанов Д. К вопросу о долгих гласных в общетюркском праязыке. – М., 2007.
9. Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. – Бишкек, 2006.
10. Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – М., 2001
11. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 2008.
12. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 2001.

13. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. - Алматы, 1995.
14. Базылхан Б. Қазақ және монғол тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. - Алматы, 2000.
15. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. - М., 1984.
16. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. - М., 1984.
17. Сравнительно-историческая граммат. тюркских языков. Морфология. - М., 1988.
18. Сағидолдақызы Г. Түркі (қазақ) және монғол халықтарының тарихи-мәдени байланыстарының топонимияда бейнеленуі. - Алматы, 2000.
19. Структура и история тюркских языков. - М., 1971
20. Ergin M. Üniversiteler için Türk Dili. İst. - 2000
21. Bangooğlu A. Türkçe grameri. İst. - 1972.
22. Genca T. Türk Dili grameri. – Ankara, 1972.
23. Güneş S. Türk dili Bilgisi. İzmir. 2003.
24. Кононов А.Н. Грамматика соврем. турецкого литературного языка, М – Л., 1956.
25. Цыганков П.А. Теория международных отношений. – М.: Гардарики, 2004.
26. Теория международных отношений на рубеже столетий / Под ред. Буса К., Смита С. – М., 2002.
27. Современные международные отношения: Учебник / Под ред. Торкунова А.В., Мальгина А.В. – М., 2012.
28. Дугин А. Основы геополитики. Геополитическое будущее России. Мыслить пространством. – М., 2000.
29. Геополитики и геостратегии. Хрестоматия. В 5-и частях / Под ред. Б.А. Исаева. – СПб., 2003-2004.
30. Финкель К. История Османской империи. – М., 2010.
31. Киреев Н.Г. История Турции. XX в. – М., 2007.
32. Шаган Натали. Пантюркизм от Анкары до Баку. – Ереван, 1991.
33. Сотниченко А.А. Расцвет и закат пантюркизма. – СПб, 2008.
34. Сваранц А. Пантюркизм в геостратегии Турции на Кавказе. – М., 2002.
35. Трофимов Д.А. Внешняя политика Ирана и Турции в ЦА (На примере Узбекистана). – М., 2001.
36. Давутоғлы А. Стратегическая глубина. - М., 2001.

Қосымша әдебиет:

1. Аманжолов А.С. Глагольное управление в языке древнетюркских памятников. – М., 2012
2. Аманжолов А.С. Тюркская руническая графика (методическая разработка). – Алматы, 1980 (ч. I), 1981 (ч. II), 1985 (ч. III).
3. Аманжолов А.С. Көне түркі ескерткіштерінің тілі туралы // ҚазМУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №5, 1998. –10-15б.
4. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. Алматы, 2003.
5. Ахметов М.А. Глагол в языке орхоно-енисейских памятников (в сравнительном плане с современным башкирским языком). – Саратов, 2001
6. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. - Алматы 2009.
7. Кондратьев В.Г. Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв. – Л., 1981.
8. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятн. VII-IX вв. -Л., 1980.
9. Кормушин И.В. Тюркские енисейские эпитафии. Тексты и исследования. – М., 1997.
10. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.–Л., 2012.
11. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – М.–Л., 2007.
12. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. –

М.–Л., 2005.

13. Насилов В.М. Язык орхоно-енисейских памятников. – М., 2006.
14. Насилов В.М. Древнеуйгурский язык. – М., 2003
15. Насилов В.М. Язык тюркских памятников уйгурского письма XI-XV вв. – М., 2004
16. Орхонские надписи. Кюль-тегин. Билге-каган. Тоньюкук. Составитель и научный редактор: А.Аманжолов. Семипалатинск (Семей), 2001.
17. Щербак А.М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. – М., 2009
18. Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана. – М.–Л., 2001.
19. Дудина Л.Д. Турецкий язык: учебное пособие. - Москва, 1993.
20. П.И.Кузнецов. Учебник турецкого языка. Начальный курс. - Москва, 2000.
21. П.И.Кузнецов. Учебник турецкого языка. Завершающий курс. - Москва, 2000.
22. Aksan D. «Türkçenin Gücü» Bilgi Yayınları. - Ankara, 2001
23. Aksan D. «Her Yönüyle Dil» TDK Yayınları. - Ankara, 2000
24. «Türk Dili Üzerine Araştırmaları» TDK Yayınları, 1,2 Cilt. - Ankara, 1995
25. Румер Е., Тренин Д., Хуашен Ч. Центральная Азия: взгляд из Вашингтона, Москвы и Пекина. – М., 2008.
26. Лаумулин М. Центральная Азия в зарубежной политологии и геополитике. Т. I: Центральная Азия и Казахстан в современной политологии. – Алматы: КИСИ, 2005.
27. Шеръязданова К. Г. Современные интеграционные процессы: учебное пособие. – Астана: Академия государственного управления при Президенте РК, 2010.
28. Кушкумбаев С. К. Центральная Азия на путях интеграции: геополитика, этничность, безопасность. – Алматы, 2002.
29. Евразийская стратегия суверенного Казахстана / Под ред. Б. К. Султанова. – Алматы: КИСИ, 2005.
30. Түймебаев Ж. Алтай тілдеріндегі анлаут ерін дауыссыздарының проблемасы (Рамстедт — Пелио фонетикалық Заңының ревизиясы). Мәскеу, 2004 ж
31. Түймебаев Ж. Түркі-қазақ-моңғол этно-тілдік қатынастарының тарихы. Алматы, 2008 ж.
32. Түймебаев Ж. Түркі-моңғол лексикалық параллельдерін тарихи-генетикалық ажыратудың теориялық принциптері мен критерийлері. Астана, 2008 ж.
33. Түймебаев Ж. Тұран тілінің одағы және Алтайлық ареалдағы тілдераралдық, мәдениеттераралық интерференция құбылы. Түркі дүниесі альманахтары. Астана, 2012 ж.
34. Түймебаев Ж., Сағидолда К. Алтаистиканың тарихи-лингвистикалық негіздері (Фонетика. Морфология). Алматы, 2015 ж.
35. Түймебаев Ж., Ескеева М. Түркологияның тарихи-лингвистикалық негіздері. Алматы, 2015 ж.
36. Tüymeabayev J., Eskeyeva M: Türkolojinin Tarihî Dilbilimsel Esasları. (Түрік тілінде). Алматы, 2017 ж.